


Қол бастаған Ағыбай батыр

рай сәлемді де жөнді алмай
«мына тОНДЫң кім?» деп ты
жырынынты. Сонда батыр
Ұнамаған тонды ма?

Тондыдан басқа тонды ма?
Тонды қазақты бітеудей жеп,
Бүйрегіне май қонды ма?
Кісі танудан кеткен екен.
сің,

Жарып шегінді,
Тесіп бүйрегіңді алайын
ба? - деп қанжарын суырып
алған екен, басқалар ара тү
сіпті. Тондының Ағыбай еке
нін жаңа таныған аға сұлтан
Ыбырай сол жерде Қыпшақ
қа Тайатқанның маңынан
жер бекітіп берген екен.

Орыс жер беріп, батырды
тыныштандырған болса да
Ағыбай орыс билігіне мойын
сұнбай кеткен. Батыр ояз
бекіткен салықтың бірде
рін ұзақ жылдар бойы төле
мей сол кезде Облыс болған
Көпбайды ұлықтар қысып,
Көпбай Ағыбайға ренжіп бар
са керек.



— Орысқа салық төлейтін
сен мені кім деп отырсың
деген батырдың зілінен қор
қып есіктен шыға жөнелген
де сілтеген қанжар жабық
ты тесіп өтіп, есік алдында
ғы томарға шаншыған ек
ен.

Дұшпан да Ағыбайды ма

залауын қоймаған. Қазақтың
қолымен қазаққа жалғандық
еткісі келген Ресейлік ұлық
тар батырдың ауылына бас
қаларды айдап салып отыр
ған. Ойда жоқта ауылын да,
үйінде қоршап қалған дұш
пан ниет танытқан ағайын
ға Көкбестіге міне шапқан
батыр сан тойтарыс та бер
ген. Бұл жағдайлар да "Құ-

бұр болды.

Патша үкіметі құласа да
Ресей империясының саяса
тын жалғастырушылар Совет
тік заманда да Ағыбай және
оның ұрпақтарына - деген
дұшпандығын жалғастыра
берді. 1922 жылы Қдрқаралы
дан шыққан 25 кісілік қару
лы отряд батыр ұрпақтары
ның ауылына кіріп ойына
келгенін істеп, батырдан
қалған жалғыз мұра Наркес
кен қылышты тартып әкетті.

Наркескен 1931 жылға дейін
Шет аудандық ГПУ-дің қо
лында болды. Онан кейінгі
тағдыры белгісіз.

Ағыбай батыр ұрпағынан

Жаңа-арқа ауданында аудан
дық атқару комитетінің төр
ағасы болып істеген Бидәу
летті тек батырдың ұрпағы
болғаны үшін жұмыстан шы
ғарды. Бидәулет соңғы сөзін
де «Ағ-екеме айтып едім
орыспен соғыспа, ұрпағына
жаман болады деп. О кісі
тындамады» деген ащы мыс
қыл айтқаны ел аузында,
Қай заманда болмасын

дұшпан Ақжолтай Ағыбай
батыр атын ұмыттыруға ты
рысса да оның есімі өзінің
Наркескеніндей жарқырап
шыға берді. Ел оны пір Тұт
ты. Тәуелсіздікті аңсаған жұ
рт басына түңеді, Халық он
ан шапағат тіледі. Ағыбай
есімін ту қылып көтергісі
келген Шет ауданының бір
топ азаматтары (Е. Есімғали
ұлы Т. Есенбекұлы, Д. Нұр
кеұлы, Т. Айнатегі, К. Жү
ністегі). 1984 ж. батыр басы,
на алғаш рет көктас қойды.
Келер 1985 жылы осы жол
дардың авторы мәдениет ми
нистрлігіне барып, Әбіш Ке
кілбаевтан батырдың маза
рын сақтау үшін 20-25 мың
кірпіш сұрады.

Тағылының сілемі Манатай
тауында «Ағыбай ағашы» де
ген терең шатқал бар. Сол
жерде батыр сан түнеп, сан
дық тастың басында сан от
ырғанын кешегі өткен үлкен
дер бізге жеткізген еді. Сол



ба белдер» романында көрініс тапқан.

Дұшпанға мойынсұнбаған Ағыбай батыр 1856-60 жылдарда Кенесарының ұлы Сыздық төремен бірге Түркістанды қорғаса, Арқада Ақтау дуанына қайта орналасқан қазақ-орыстарға қарсы елді ұйымдастырып ұсақ-ұсақ шабуылдар жасатып, маза бермеді. Ақыры, орыстар Ақтау дуаның тастап кетуге мәж

Сандықтастың басына жылына бір барып Жәкен, Зәрубай, Қоңыр, Асқар деген азаматтар «Ағыбай батыр осы жерде отырып елінің тағдырын сан ойлады-ау. Сол аңсаулы күндер қашан келер екен» дейтін еді. Батыр аңсаған заман Тәуелсіздіктің туы желбіреген уақыт та жетті,- Ақжолтай Ағыбайдың рухы елді жебей бергей.

Заман.-2002.- 7 қыркүйек (№33).-3 б.